

II тур
10-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25 ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	<i>Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық, Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық. Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ, Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.</i> Үзінді қай өлеңнен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.
2.	Қазақ әдебиеті	1. Төмендегі өлең жолдарынан метафораны табыңыз және дәлелдеңіз. <i>«Қиял – қыран, ақыл – шың. Майдансыз қайтпас жау беті. Сен де жалғыз батырсың».</i> а) Майдансыз қайтпас ә) жау беті б) қиял – қыран в) жалғыз батырсың 2. Өлең жолдарынан иронияны тауып, дәлелдеңіз. <i>Ол рас, аталарың шенге алыпты, Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты. Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын, Оқа, түйме, сылдырлақ, теңге алыпты! Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз, Артқыға қандай егін еккеніңіз? Жусақ та денемізден кетер емес, Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».</i>
3.	Қазақ тілі	1. Интонацияның құрамдас бөліктері. 2. Будан сөздердің емлесі. 3. Игерілген кірме сөздердің емлесі. 4. Ауызекі тіл, оған тән белгілер.

4.	Қазақ тілі	<p>5. Жаңа атаулар емлесі.</p> <p>Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.</p> <p><i>Ескі тілтану ғылымы, шынында да, фонетиканы дыбыс жайлы ғылым деп танитын. Фонетика тілдің дыбыс жағын тексеретін ғылым екені рас. Бірақ, мұны салмақтаңқырап, дәлдеңкіреп түсінбесе, үнді-европаша тіл ғылымының бұрмалағаны сияқты, біз де фонетиканы теріс, бұрмалап түсінеміз, сондықтан тексерулерімізден теріс нәтиже шығаруымыз мүмкін.</i></p> <p><i>Әуелі-ақ фонетика дыбыс болған жердің бәрін тексереді деуге болмайды. Күннің күркірегені, арбаның салдыры, мылтықтың тарсылы, қасқырдың ұлығаны – бәрі де дыбыс. Бұларды фонетика қарамайды. Өйткені бұлар – адамнан тысқары, табиғаттағы болатын дыбыстар.</i></p> <p><i>Екіншіден, фонетика адамнан шыққан дыбыстың бәрін тексермейді. Адам ыңқылдайды, түшкіреді, қырылдайды, мұның бәрі – адам дыбысы, бірақ адамның қоғамдық мұңы айдап шыққан, қоғамдық қажетіне жұмсалған дыбыстар емес, дене қызметінің салдарынан туған туынды инстинкт дыбыстар. Сол себепті фонетика қарауына бұлар да жатпайды.</i></p> <p><i>Үшіншіден, фонетика қоғамдық дыбыс болған жердің бәрін қарай бермейді. Музыка да – дыбыс, бұ да – барып тұрған қоғамдық дыбыс. Музыканың бір тарауы ол – адамның дыбыс мүшелері арқылы жарыққа шығады. Сөйте тұра, бұл – тіл дыбысы емес, жылау, күлу қоғамдық күштердің қысаптарымен шығады, сонда да оларды тіл дыбыстары деуге болмайды (әрине күлуде, әсіресе жылауда сөз араласатыны болады. Біз мұнда сөз жағын санамай, тек таза жылауды, таза күлуді алып отырмыз) және бұл дыбыстар мен тіл дыбыстары арасында, дұрысы жылау, күлу, музыка мен тіл арасында нендей айырма бар. Меніңше, мынандай: жылау мен күлуді сол тілде сөйлейтіндер болмай-ақ, мәселен, қазақтың жылағаны мен күлгенін қазақ болмай-ақ, кім болса сол түсінуге болады. Жылап отырған не күліп отырған қазақ болса, мұны көріп, естіп тұрған, өзі қазақша білмейтін орыс, неміс, қытай әлгі қазақтың жылап не күліп отырғанын біле алады. Бірақ қазақша білмейтін орыс, неміс, қытай қазақтың қазақшалап не сөйлеп тұрғанын ұға алмайды. Олай болса, жылау мен күлу адам болған жердің бәріне түсінікті, ал тіл тек сол тілмен сөйлейтін қоғамға ғана түсінікті.</i></p> <p style="text-align: right;"><i>Қ.Жұбанов.</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінге ат қойыңыз. 2. Мәтіннің жазылу стилі мен баяндау тәсілін анықтап, нақты тілдік бірліктер арқылы дәлелдеңіз. 3. Мәтінде кездесетін қыстырма сөздердің мағыналық түрлерін анықтаңыз.
5.	Тіл мәдениеті	«Тіл – ұлттың жаны» деген ойды өрбітіңіз.

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут
- Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (облыстық кезең)**